



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі 2026 жылғы 20 тамызда өткен акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында (сондай-ақ бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер және сырттай дауыс беру нәтижелері көрсетілген акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 16 шілдедегі № 37 хаттамасындағы екінші мәселе бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі) бекіту.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 7 878 677 972. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы дауыс саны 7 565 845 327 құрады. «Жақтағандар» – 7 565 845 327, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім жиналыста ұсынылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданды.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

өткен жылдардың бөлінбеген таза табысынан «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның (ISIN KZ000A0LE0S4) жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу:

атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ., 40-үй;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ банктік және өзге де деректемелері: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; БСК – NBRKKZKX, корреспонденттік шот – KZ87125KZT1001300313, БСН – 940140000385, БЕК – 14;

дивидендтер төленетін кезең: 2025 жыл;

бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері: 28,09 теңге;

дивидендтерді төлеудің басталу күні: 2026 жылғы 7 қыркүйек;

дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны:

дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні 2026 жылғы «26» тамыз (Алматы қаласының уақыты бойынша) күнінің басындағы жағдай бойынша (00 сағат 00 минут);
дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 7 878 677 972. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы дауыс саны 7 565 845 327 құрады. «Жақтағандар» – 7 565 845 327, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі**